

"2017 - 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 61 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 21, 115-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1, 2 және 6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 -қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2017 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 9 543 305 694 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 4 787 775 502 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 102 758 432 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 1 398 507 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 4 651 373 253 мың теңге;

2) шығындар – 10 740 128 973 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 191 542 795 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 273 866 697 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 82 323 902 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 159 496 347 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 162 396 347 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 2 900 000 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы – -1 547 862 421 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 3,1 пайызы;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 547 862 421 мың теңге.

2-бап. 2017 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының " Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 37 950 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 6 612 870 мың теңге сомасында жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.";

"6-бап. 2017 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған мақсаттарға нысаналы трансферт 1 534 565 234 мың теңге сомасында көзделсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансфертті бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.";

2) 7-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2017 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 14 466 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 31 245 теңге болып белгіленсін.";

3) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын қаражат олардың мөлшерін:

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап тоғыз пайызға;

2017 жылғы 1 шілдеден бастап он бір пайызға көтеру ескеріле отырып көзделді деп белгіленсін.";

4) 11-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3) тармақшалармен және 21) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ішкі істер органдарының бөліністерін материалдық-техникалық жарақтандыруға;

2-2) ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметкерлерін оқытуға;

2-3) ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақыны ұлғайтуға;"

"21) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға 2017 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.";

5) мынадай мазмұндағы 12-1 және 14-1-баптармен толықтырылсын:

"12-1-бап. 2017 жылға арналған республикалық бюджетте салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беруге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің шығыстары шеңберінде 8 000 000 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделсін.";

"14-1-бап. "Қарағандышахтатарату" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, таратылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген залалды өтеуге беретін қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.";

б) 15 және 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылға арналған резерві 137 105 624 мың теңге сомасында бекітілсін.

16-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 1 154 797 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 8 710 511 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.";

7) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі шығындарының құрамында мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауға "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына аудару үшін 43 738 098 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.";

8) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. 2017 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 11 200 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.";

9) көрсетілген Заңға 1, 4 және 5-қосымшалар осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2-бап. Осы Заң 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

"2017 - 2019 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы"
2017 жылғы " "
Қазақстан Республикасының
№ Заңына
1-ҚОСЫМША
"2017 - 2019 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
Қазақстан Республикасының
№ 25-VI Заңына
1-ҚОСЫМША

2017 жылға арналған республикалық бюджет

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
	Ішкі сыныбы		
1		2	3
		I. Кірістер	9 543 305 694
1		<i>Салықтық түсімдер</i>	4 787 775 502
1		Табыс салығы	1 563 908 600
	1	<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	1 563 908 600
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 082 288 327
	1	<i>Қосылған құн салығы</i>	1 730 804 561
	2	<i>Акциздер</i>	96 091 541
	3	<i>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	239 553 241
	4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	4 585 081
	5	<i>Ойын бизнесіне салық</i>	11 253 903
6		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	1 121 009 552
	1	<i>Кеден төлемдері</i>	1 096 672 032
	2	<i>Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар</i>	24 337 520
8		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	20 569 023
	1	<i>Мемлекеттік баж</i>	20 569 023
2		<i>Салықтық емес түсімдер</i>	102 758 432
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	73 020 361
	1	<i>Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері</i>	1 848 947
	3	<i>Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер</i>	13 555 322
	4	<i>Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер</i>	1 393 669

	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	45 784 947
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	500 000
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 202 846
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	7 734 630
2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 666 685
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 666 685
3		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	250 254
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	250 254
4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 868 486
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 868 486
	5	Гранттар	996 245
	2	Қаржылық көмек	996 245
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	21 956 401
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	21 956 401
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 398 507
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	243 710
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	243 710
	2	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	1 154 797
	1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	1 154 797
4		Трансферттердің түсімдері	4 651 373 253
	1	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	236 808 019
	1	Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттер	236 808 019
	4	Ұлттық қордан трансферттер	4 414 565 234

	1	Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	4 414 565 234
Функционалдык топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Әкімші		
	Бағдарлама		
1		2	3
		II. Шығындар	10 740 128 973
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	452 852 179
101		Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	6 888 524
	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 918 035
	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	206 836
	003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану жөніндегі қызметтер	271 476
	008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	900 064
	009	Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	562 975
	011	Қазақстан Республикасында әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	29 138
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 242 531
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 137 706
	002	Мемлекеттік органдарда және мекемелерде ақпаратты қорғау қамтамасыз ету және ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	104 825
106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	80 027
	001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі қызметтер	80 027
107		Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты	150 291
	001	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	150 291
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	61 570 608
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	61 570 608
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	71 766 822
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	3 197 618

003	Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	370 208
005	Шетелдік іссапарлар	3 384 200
008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	101 005
010	Шетелде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	45 543 191
013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	399 685
017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	15 482 613
019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	3 227 957
020	Орталық Азия елдерінде гендермен байланысты тұрақты даму мақсаттарының ұлттандыруына жәрдемдесу көрсету	60 345
217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	84 824 824
001	Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер	69 452 527
002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	43 500
019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	12 614
030	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	4 600 297
067	Саяси партияларды қаржыландыру	5 328 114
072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	4 323 789
094	Мемлекеттік активтерді басқару	1 063 983
225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	33 192 135
130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	5 336 806
217	Ғылымды дамыту	27 855 329
241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	4 564 918
001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	4 564 918
242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	40 761 017
001	Стандарттау, метрология, өнеркәсіп, инвестициялар тарту, геология, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	

		шаруашылығын дамыту саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	10 051 188
	209	Тұрғын-үй құрылыс жинақтары үлестері бойынша төлем ақы төлеу	12 600 000
	222	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	17 819 703
	232	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	290 126
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	74 007 804
	001	Экономика, сауда саясатын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясатты қалыптастыру және дамыту, табиғи монополиялар субъектілерінің және статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	18 676 298
	006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	965 670
	007	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	105 600
	015	Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту	657 495
	057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	371 435
	073	Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	50 688 567
	081	Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету	1 788 539
	096	Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізу	754 200
245		Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	461 799
	006	Жоғарғы деңгейдің домендік аттары серверлерінің істен шығуға қарсы тұруын қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингінің ақпараттық жүйесін құру	461 799
246		Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	1 726 828
	001	Дін істері және азаматтық қоғам саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 113 333
	002	Діни қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, діни қызмет саласындағы әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	613 495
247		Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	3 800 954
		Қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік), жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясатты	

	001	қалыптастыру және іске асыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық	2 536 842
	002	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	1 264 112
406		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	1 392 802
	001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 239 039
	007	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру	153 763
623		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	4 359 870
	001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру	3 377 022
	008	Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және қызметтік этика, меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласында мемлекеттік қызмет реформасын қолдау	680 153
	012	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	302 695
637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі	399 025
	001	Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	399 025
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	1 035 485
	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	581 020
	002	Сайлау өткізу	454 465
693		Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	11 572 195
	001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11 572 195
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	48 053 720
	001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44 888 034
	009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту	3 165 686
2		Қорғаныс	412 341 681
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	43 848 077
	060	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру	43 848 077
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	368 493 604

3	001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	2 049 008
	047	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету	366 444 596
		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	527 619 452
	104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	818 198
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	818 198
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	163 809 148
	015	Халықты жеке басты куәландыратын құжаттармен, жүргізуші куәліктерімен, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттармен, нөмірлік белгілермен қамтамасыз ету	12 648 232
	076	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	109 042 809
	077	Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру	32 447 435
	078	Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	9 670 672
	217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	6 060 495
	096	Жедел - ізвестіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру	6 060 495
	221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	40 842 225
	001	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	12 974 392
	002	Сот сараптамаларын жүргізу	2 429 404
	005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	1 267 883
	006	Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың жобаларына, заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама	85 139
	009	Құқықтық насихат	207 957
	047	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау, сот немесе төрелік талқылаулар перспективаларын бағалау және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар және инвестициялық шарттар жобаларына заңгерлік сараптама	14 205 948
	050	Қазақстанда құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және БҰҰ әмбебап кезеңдік шолу ұсынымдарын тиімді іске асыру	23 622
	055	Қазақстан Республикасы Заңнама институтының қызметін қамтамасыз ету	335 617
	059	Сот төрелігінің секторын институционалды түрде нығайту жобасын іске асыру	5 937 089
	062	Сот-медицина, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамалар бойынша қызметтер	3 375 174

410	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	197 608 195	
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	192 165 195
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	5 443 000
411	Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі	11 713 403	
	001	Сыртқы барлауды қамтамасыз ету	11 713 403
501	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	33 685 307	
	001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	33 685 307
502	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	24 614 951	
	001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	24 272 764
	015	Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру	342 187
623	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	13 381 703	
	014	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	13 381 703
681	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	35 085 827	
	001	Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	20 317 401
	002	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	14 768 426
4		Білім беру	450 943 720
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	687 301	
	009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	687 301
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	9 908 838	
	079	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	9 908 838
208	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	9 396 704	
	005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	1 131 437
	011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	7 746 554
	017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	518 713
221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	44 923	

	060	Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	44 923
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	377 035 468
	001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	5 514 012
	060	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға нысаналы салым	26 120 756
	092	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	31 942 530
	098	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету	357 942
	099	Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету	141 780 032
	203	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	5 794 221
	204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	152 446 165
	221	Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	194 271
	222	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	11 593 611
	223	Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	471 606
	224	Мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	820 322
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	31 264 928
	003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	564 675
	005	Денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 538 123
	006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	28 631 189
	007	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	530 941
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	17 888 163
	005	Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	1 308 081
	006	Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 399 515
	007	Мәдениет пен өнер саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	7 733
	038	Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	4 264 365
	040	Спорт саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	7 045
	041	Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау	10 901 424

242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	10 217
	048	<i>Техникалық реттеу және метрология саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау</i>	10 217
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	163 772
	017	<i>Кәсіпкерлік саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау</i>	163 772
247		Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	33 404
	005	<i>Ғарыш саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау</i>	33 404
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	431 323
	017	<i>Сот кадрларына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру</i>	431 323
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	1 593 427
	018	<i>Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру</i>	1 593 427
623		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	2 308 352
	002	<i>Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру</i>	711 266
	013	<i>Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер</i>	1 597 086
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	176 900
	011	<i>Медицина ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау</i>	176 900
5		<i>Денсаулық сақтау</i>	<i>1 030 018 587</i>
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	5 406 567
	014	<i>Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу және төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер</i>	5 405 237
	111	<i>Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында іс-шараларды жүргізу</i>	1 330
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	4 500 488
	008	<i>Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету</i>	4 500 488
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	511 148
	019	<i>Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру</i>	511 148
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	1 006 997 699
	001	<i>Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру</i>	17 147 303
	013	<i>Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер</i>	1 414 014
	020	<i>Денсаулық сақтау жүйесін реформалау</i>	18 117 861

	024	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	10 458 450
	052	Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде халықты медициналық көмекпен қамтамасыз ету	766 305 211
	053	Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, халықты медициналық көмекпен қамтамасыз ету және инфрақұрылымды дамыту	173 112 503
	059	Аурулар диагностикасының және емдеудің жоғары технологиялық әдістерінің әлеуетін арттыру және енгізу	130 844
	061	Әлеуметтік медициналық сақтандыру: қолжетімділікті, сапаны, экономикалық тиімділікті және қаржылық қорғауды жақсарту	6 122 727
	066	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көмек көрсету және оны сүйемелдеу	139 970
	069	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	342 871
	070	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы іс-шараларды іске асыру	13 705 945
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	12 602 685
